Нәтижелер мен талқылау (Findings/Discussion) – Қазақ халқының отбасы және неке құқықтарының қайнар көздеріне негізінен көне дәуіріндегі әдет-ғұрып заң нормалары сонымен қатар: «Ақсақалдар Ережесі», «Ата-баба жолы», «Оғыз ханның заңдары», Мұсылмандық шариат, Қасым ханның «Қасқа жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысы», Патшалық Ресей тұсындағы «Кіші Ережелер» жатады. Бұл құқықтық нормалар тарихи кезеңдердің ауысымдарына байланысты, өзгеріске ұшырып отырғаны анық. Мәселен біз қарастырып отырған, кезеңдегі өзгерістер, 1917 жылғы төңкеріс және одан кейінгі саяси қайта құрулар, даланың көшпелі халқының өмірін ұйымдастырудың жаңа заңнамалық жобалары XX ғасырдың 30-шы жылдарында көшпелілердің құқықтық жүйесіне орыс заңдарын енгізуден басталған қазақтардың дәстүрлі мәдениетінің жойылу процесінің өзінің шарықтау шегіне жетті. Дәстүрлі шаруашылық құрылымының өзгеруі жартылай отырықшы, содан кейін толық отырықшы өмір салтына көшу ғасырлар бойы қазақтарда болған тарихи қалыптасқан көшпелі қоныс түрі мен отбасы құрылымының өзгеруінің негізгі себебі болды және нәтижесінде отбасылық-туыстық топтар ішіндегі дәстүрлі әлеуметтік байланыстардың бұзылуына әкелді. Бүкілресейлік атқару комитетінің «Неке туралы заңдар кодексі: «Отбасы және қамқоршылық» қолданысқа енгізу туралы 1926 жылғы 19 қарашасындағы қаулысынан кейін, жоғарыда атап кеткендей үдемелі өзгеріске ұшыратты. Мәселен, большевиктер партиясының билігі қазақ қоғамындағы отбасының гендерлік қатынас үлгілеріне қол сұғудан басталды. Партия қызметкерлерімен сол кездегі гендірлік қатынастар қазақтар арасындағы ескі қоғамдық құрылыстың бір бөлігі ретінде қабылдады. Олардың мақсаты аталмыш жүйені яғни бұл гендерлік моделді жою болды. Кейіннен олар әйелдерге де, ерлерге де саналы түрде жаңа рөлдер мойындатты [2]. Жаңа мемлекеттің жаңа бағыты бойынша, большевиктер әйелдерді жұмысшы анаға айналдырғысы келді. Олардың ойынша, әйел жұмыс істеп, «болашақ жұмысшылар ұрпағын шығаруы» және сонымен бірге үй шаруашылығын жүргізуі керек еді [3]. Жаңа декреттер оларға жұмыс бергендей өзінің қорғауын, тәуел-

сіздігіне кепілдік етіп берді. Бұл саяси әдістің мақсаты әйелдерді ерлер сияқты мемлекет билігіне бағындыру үшін, әйелдерді патриархалдық отбасылық қатынастар билігінен «босату» идеясына негізделді. Ерлердің рөлі де өзгерді [4]. Отағасының функцияларын мемлекет өз мойнына алды, сонымен бірге ерлер коммунистік құрылысты басқаруға және жаңа мемлекетті басқаруға тиіс болды. Осылайша, қоғамдық ортада ер адам өзінің басым рөлін көрсете алды. Бірақ үйдің ішіндегі үстемдік түбегейлі өзгерді бұрынғыдай жынысына емес, әлеуметтік жағдайына байланысты болды. Бұл өзгеріс қала отбасыларында айқын байқалады [5]. Бұл әдістер қоғамда «архаизм» және «ескінің қалдықтары» деген стереотипті түсінікті қалыптастырды.

Жаңа үкімет әлеуметтік трансформациясын қоғамдағы әйелдер қауымынан бастады. Ол түсінікті қадам. Себебі, әйел адам отбасының ұйытқысы, отбасындағы қарым-қатынасты реттеп отыратын негізгі механизм. Басты өзгертулердің барлығы әйел өмірін «жаңарту» және мемлекет ер адамға емес әйел қоғамына екпіндік беріп қайта құруға кірісті. Басқадай айтқанда, мемлекеттің еркекпен емес, әйелмен арнайы мәмілеге келгендей саясат жүргізгенін байқауға болады. Әйелдер әлеуметтік трансформацияның негізгі құралы ретінде пайдаланылады [6]. Бұл ер адамның күшіне, жігеріне, ұстанымына тікелей қарсы болып, әсер етпей қоймады. Біріншіден, әйелдердің қоғамдық өндіріске жаппай араласуы жеке гендерлік қатынастарға әсер етуі, өйткені ол әйелдерге еркектерден экономикалық және әлеуметтік еркіндік берді [7]. Екіншіден, ана болуды саясаттандыру және әке болуды салыстырмалы түрде елемеу әйелдердің балаларды бақылауын заңдастырып, ер азаматтардың отбасындағы орнын әлсіретіп жіберді [8]. Үшіншіден, әйелдер бірте-бірте мемлекеттің идеологиялық құралына айналды, өйткені олар мемлекетке ерлердің мінез-құлқын бақылаудың кілтіне айналды. Кеңес қоғамында дәстүрлі ер адамның қоғамдағы рөлін түсіну мен қабылдау мәселелерінде конфликттерге әкеп соқты. Ер адамның сөзі заң емес, әйел күйеуінің кемшілігіне наразылық білдіруге құқылы. Оның үстіне әйелдер ерлердің үйдің тұрмыс-тіршілік өміріне араласпауына, ер адамның асыраушы рөлін атқармайтынына наразылық білдіре басталуымен сипатталады [9].

Революционерлердің буржуазиялық отбасын революцияның отына жағуға тырысқаны кездейсоқ емес: империяның неке-отбасы заңнамасын бір мезгілде жою, неке және отбасы құрылымын бұзу, неке институтын әдейі әлсірету болды, және оған негізделген буржуазиялық мораль бұрыннан қалыптасқан отбасы құндылықтарына қарсы бағытталды. Алайда, белгілі болғандай, Қазақстанда отбасы 30-шы жылдардан бастап саяси құрылымды қоса алғанда, тірек институты болды. 20 ғасыр кеңес мемлекеті әміршіл-әкімшілік әдістермен неке мен отбасын «нығайтуға» бет бұру арқылы, жеке адамға толық бақылау орнатуда отбасының басты мақсаты етіп қойды. «Мықты отбасы – мықты мемлекет» деген ұран ресми идеологияның арсеналына енген [10].

Жалпы, XX-шы ғасырдың басындағы Қазақстандағы отбасының әлеуметтік тарихына қысқаша шолу көрсеткендей, отбасы қазақ қоғамында ешқашан өз бетінше қалыптасып, сақталуы немесе қайта құрылуы мүмкін тәуелсіз институт емес. Ол қазақ қоғамының даму өркениетінің ажырамас бөлігі болып табылады және оны бар әлеуметтік институттармен сәйкестендіруді қамтамасыз ететін эволюцияға бағынады. Сонымен

қатар, отбасының даму процестері және оның қоғаммен өзара әрекеттесуі қарама-қайшы болып табылады және оларды «жақсы» немесе «жаман» тұрғысынан бағалау мүмкін емес [11].

Егер біз Қазақстандағы отбасының әлеуметтік дамуының ерекшеліктерін бөліп көрсетуге тырысатын болсақ, онда біздің елімізді Батыс Еуропа мемлекеттерінен ерекшелендіретін екі ерекше белгілерді атап өтуге болады: біріншіден, мемлекеттің отбасы саласындағы маңызды рөлі және, екіншіден, революцияға дейінгі қазақ халқының көпшілігіне тән жеке өмірдің әлсіз дамуы, отбасылық қатынастардың әлеуметтік сипаты. Шын мәнінде, қазақ қоғамында жаңа тұрмыстық нормалар енгізіліп, жоғарыдан қатаң бақылауға алынды [12].

Кеңестердің құрған жаңа мемлекетінде әйел білім алуға, жұмыс істеуге және жеке табыс көзіне ие болу мүмкіндігіне қол жеткізді, яғни қожайынынан экономикалық тәуелсіз бола алды. Мәселен, батыс елдеріндегі бірқатар мемлекеттерде атап айтсақ, Австрияда тек 1975 жылы ғана жаңа заң қабылданды ол- әйел жұмысқа бару үшін күйеуінің рұқсатын қажет етпейтін болды [13]. Ал, социалистік сипаттағы Венгрияда мұндай заң бір ұрпақ бұрын қабылданған. Сонымен қатар, күйеуінің рұқсатынсыз несие картасын алуға құқығы да пайда болды деседі. Американың экс президенті Билл Клинтонның әйелі Хиллари Клинтон 1970 жылдары несие картасынан бас тартқанын есіне ала отырып: «Мен өзімнің несие картасына өтініш бере алмайтыным, күйеуімнің картасын пайдалануым керек екені туралы хат алдым. Бұл ескі әңгіме емес » - деді ол The Ellen DeGeneres Show-қа берген сұхбатында. «Мен оған қарағанда көбірек ақша таптым, мен өзімнің несие картамды алуға дайын едім».

Ал, кеңес әйелі университетке түсу құқығын, ғылым мен техника, математика және жаратылыстану саласындағы мамандықтар алу құқығын алды [14]. Ivy League қауымдастығының мекемелері жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысына дейін қыздарды бакалавриат студенттеріне қабылдамады. Кеңестік әйелі білім алуға, жұмыс істеуге және жеке табыс көзіне ие болу мүмкіндігіне ие болды, яғни күйеуінен экономикалық тәуелсіз бола бастады [15].

Отбасы заңын алайық. Кеңес әйелдері ажырасу құқығын, некеге тұрғаннан кейін өз атын иелену құқығын, түсік жасату құқығын, ажырасқаннан кейін бірден балаларды қамқорлыққа алу құқығын алды [16]. Ал, мысалы, Австрияда әйелдің некеден кейін өз атын сақтауға құқығы бар деген заң 1995 жылы ғана қабылданған. Немесе жүктілікті тоқтату құқығын алыңыз. Социалистік елдерде жүктілікті тоқтату туралы шешім қабылдау құқығы социалистік елдерге қарағанда әлдеқайда ерте берілді. Мысалы, КСРО-да 1920 -шы жылы, одан кейін 1954 жылы. Англияда түсік жасатуға 1967-ші жылы, АҚШ-та – 1973-ші жылы, Австрияда – 1974-ші жылы, Францияда – 1979-шы жылы рұқсат етілді [17].

Қорытынды (Conclusion) – 1917 жылы 12 желтоқсанда «Азаматтық неке, балалар туралы және азаматтық хал актілерін енгізу туралы» жарлық жарияланды. Жарлыққа сәйкес неке жасы ерлер үшін - 18 жас және әйелдер үшін 16 жас, Закавказьеде - ерлер үшін - 16 жас және әйелдер үшін 13 жас болып белгіленді. Монархия кезеңінде тек шіркеулік неке болса, көрсетілген мерзімнен бастап шіркеулік неке «ерлі-зайыптылардың жеке ісі»

болып табылатын болды, енді тек азаматтық неке танылды. Алайда 20-жылдардың басында тіпті халық арасында неке тіркеудің кез келген түрін жою туралы үндеулер де болды. Бұл жарлық жарияланғанымен, отбасы және отбасы мүшелерінің түгелдей дерлік отбасы өмірінің барлық тұстарын ашып қамтымады.

1927 жылы 1 қаңтарда Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің 1926 жылғы 19 қарашадағы қаулысымен РКФСР-ның «Неке, отбасы және қамқоршылық туралы» Заңдар кодексі күшіне енді, онда барлығына бірдей неке жасы – 18 жас белгіленді. Сондай-ақ ерлі-зайыптылар мен балалардың құқықтары мен міндеттерін толығырақ реттеліп қарастырылды. Бұл заңды актер ерлер мен әйелдердің теңдігін орнатуға бағытталған. Осылайша, ерлі-зайыптылардың неке кезінде жинаған мүлкі 1918 жылғы Кодекске қарағанда жалпы деп танылды, онда бөлек меншік белгіленді. Бұл «Неке және отбасы туралы» кодексі 1969 жылы енгізілген жаңа кодекске дейін қолданыста болды. XX ғ. 20-30-шы жылдарындағы қарастырылған визуалды деректерге сүйеніп айтатын болсақ, бұл мерзімде қала мен ауыл отбасыларының сонымен қатар қала мен ауыл әйелдерінің арасындағы әлеуметтік міндеттердің айырмашылығы бірден көзге түседі. Мәселен, ауыл отбасындағы әйелдің міндеттері бұрынғысынша үй айналысындағы шаруашылық болса, қала әйелінің міндеттеріне үй тіршілігінен тыс әлеуметтік жауапкершілік ретінде, жұмысы пайда болды [18]. Көбісінше әйелдер бұл жылдары жұмысшы қызметінде болса, 1930-шы жылдардың аяғына таман визуалды деректерге сәйкес жұмысшы мәртебесінен басқа дәрігер, қоғам қайраткері, инженер, мұғалім, балабақша тәрбиелеуші қызметіндегі әйелдердің фотолары көптеп кездеседі. Қала әйелдерінде отбасы құқығының нормаларының жүзеге асырылуы нәтижелі болса, ауылдағы әйелдердің өмірінде айтарлықтай өзгерістер белен алған жоқ. Бұл жерде міндетті түрде айтып өтетін мәселе, көптеген зерттеулерге сәйкес орталық азия аумағы бойынша қазақ қоғамындағы әйелдердің жағдайы бөлек болды. Нақтырақ айтақанда мәселен, өзбек, тәжік, азербайжан әйелдерінің қасындағы салыстырмалы тұрғыдан қарағанда қазақ әйелінің құқығы, киіну салты, үй жағдайындағы бостандығы айтып өтетіндей еркін болды. Ежелден қазақ әйел үй тіршілігінде өзін еркін ұстап, басқара алатын деңгейінде болған. Ол тек жаңа түскен келіндерге тиесілі болмайтын. Жаңа түскен келінді енесі кем дегенде үш жылдай уақыттың ішінде отбасының ішкі заңдылықтарына, отбасы мүшелерінің ыңғайына қарай тәрбиелеген соң ғана, үй тіршілігіне байланысты мәселелерде шешім қабылдауға мүмкіндік алды. Қазақ әйелінің жоғарыда атап өткен ұлттырға қарағанда үй шаруашылығындағы құқығы еркін болғанның себептерінің бірі ол қазақ әйелінің мал шаруашылығы секілді қиын еңбектегі атқаратын міндеті ер адамнан кем болған жоқ [19].

Қарстырылған мерзімнің визуалды деректері «кеңестік мәдени» кодының қалыптаса басталғанын дәлелдей алды. «Кеңестік мәдени» коды ретінде отбасының сипаты патриархалдық негізін жоғалтып бара жатқанын, отбасы тіршілігіндегі әйел адамның үйден тыс қызуғышылықтарының пайда болуымен, отбасылық суреттер азайып, ұжымдық фотолармен толығып адамның жеке сақтауында өндірістік суреттерді сақтайтын альбомның қалыптасуы.

Алғыс айту, мүдделер қақтығысы

Мақала ЖТН №АР15473292 «XX-XXI ғасырдағы отбасы тарихының ретроспективасы: Қазақстандағы дәстүр мен модернизмнің визуалды болмысы» тақырыбындағы Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің қаржыландыруымен жүзеге асырылып жатқан ғылыми жобасы аясында даярланды.

### **Авторлардың қосқан үлесі**

**Автор Д.Б.Асымова** мақаланы жазу барысында мақсат міндеттерімен, зерттеуді жүргізу, дайындау нәтижелерді талдау, түсіндіру сыни тұрғыда қарастырды. Визуалды деректер негізінде қазақ отбасының көрсетілген уақыт кезінде дәстүр мен модернизм элементтеріне талдау, өзгеру динамикасын анықтау, отбасының өзара бірлігі, мүшелерінің қатынасына, гендерлік аспектісіне, отбасының мәселен фотоға түсу үрдісі, мәдениетін зерттеуде өз үлесін қосты. Автор **Н.Б.Калкаева** XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы визуалды деректеріндегі қазақ отбасы құқығындағы «кеңестік» мәдени кодының қалыптасуының көрінісін кеңінен зерттеді.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Маковецкий П. Қазақтардың заң орына жүретін дәстүрлері жөніндегі жазбалар / Қазақы неке (салт-дәстүр жөніндегі жазбалар) / Орыс тілінен аударған Б. Қожабекова. – Алматы: Жалын, 1994. – 4-14 бб.
2. Өсеров Н.Н. Қазақтардың дәстүрлі неке және отбасы құқықтары (Қазақ әдет-ғұрып материалдары бойынша): заң ғыл. канд. дис. автореф: 12.00.01. - Алматы, 2002. - 19 б.
3. Қазиев О. Көшпелі қазақ өркениетіндегі әйел құқығының мәртбесі (XVIII-XX ғғ. бас кезеңі): заң ғыл. канд. дис. автореф: 12.00.01. - Алматы, 2005. - 29 б.
4. Андре Д. Қазақтардың ордасында заң есебінде жүретін дәстүрлер / Қазақы неке (салт-дәстүр жөніндегі жазбалар) / Орыс тілінен аударған Б. Қожабекова. – Алматы: Жалын, 1994. – 29-31 бб.
5. Баллюзек Л. Қазақ некесінің ерекшеліктері / Қазақы неке (салт-дәстүр жөніндегі жазбалар) / Орыс тілінен аударған Б. Қожабекова. – Алматы: Жалын, 1994. – 16-23 бб.
6. Арғынбаев Х. Қазақ отбасы: (қазақ отбасының кешегісі мен бүгінгісі жайындағы ғылыми зерттеу еңбек). – Алматы:Қайнар, 1996. – 288 б.
7. Козлов И.А. Қазақтардың дәстүрлік заңдары / Қазақы неке (салт-дәстүр жөніндегі жазбалар) / Орыс тілінен аударған Б. Қожабекова. – Алматы: Жалын, 1994. – 32-35 бб.
8. Левшин А.И. Дәстүрлер / Қазақы неке (салт-дәстүр жөніндегі жазбалар) / Орыс тілінен аударған Б. Қожабекова. – Алматы: Жалын, 1994. – 26-28 бб.
9. Культелеев Т.М. Вопросы казахского обычного права в романе Мухтара Ауезова «Абай». – Алматы, 1950 г.
10. Фиельструп Ф.А. Из обрядовой жизни киргизов начала XX века. – М.: Наука, 2002. – 300с.
11. Юмкина Е.А. Внутрисемейное общение в пространственно-временном аспекте/ Вестник Ленинградского государственного университета имени А.С. Пушкина. – 2014. - №4 (Том 5) Психология. – С. 78-87.

12. Сексенбаева Г.А. «Аудиовизуальные документы: источниковедческий и архивоведческий аспекты» - Алматы, 2020 г. 279 с.
13. Чудакофф Х. Жизненный путь женщин: возраст и возрастное сознание, 1865-1915 гг. Журнал семейной истории. 1980.С.274–292.
14. Тузикова Л.Д. Визуальные образы прошлого в учебной литературе: типология, стратегии историко-познавательной деятельности школьников /Сибирский педагогический журнал № 1.2013 г.С.120-123.
15. Овсяникова Е.А. Образ семьи у подростков как условие их психологического благополучия. Белгород, 2019.С.211.
16. Инглхарт Р. Культурная эволюция: как изменяются человеческие мотивации и как это меняет мир /Пер. с англ. С. Л. Лопатиной, под ред. М. А. Завадской, В. В. Костенко, А. А. Широкаковой, науч. ред. Э. Д. Понарин. – Москва. Мысль, 2018. – С. 63-68.
17. Магидов В.М. "Кинофотодокументы в контексте исторического знания". Москва, 2005 г. С.25-40.
18. Далаева Т.Т., Султангалиева Г.С. Визуальная антропология новой социальной истории Казахстана XIX-нач.ХХ в.в.-Алматы, Жибек жолы, Алматы 2022 г. -С.116-138.
19. Кундакбаева Ж., Модернизация ранней советской эпохи в судьбах женщин Казахстана, 1920-1930 годы – КазНУ имени аль-Фараби, Алматы 2017 г. С.48-57.

Д.Б. Асымова<sup>1</sup>, Н.Б.Калкаева\*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая

### **Отражение формирования «советского» культурного кода в казахском семейном праве в визуальных источниках 20-30-х годов XX века**

**Аннотация.** Статья посвящена истории казахского семейного права в 20-х и 30-х годах XX века. Если быть более конкретным, то речь пойдет о влиянии первых постановлений советской власти на институт семьи в переходный период казахской истории. Отмена законов, регулирующих семейные отношения в казахском обществе до прихода большевиков. Влияние советских законов, регулирующих институт семьи, на членов семьи. Семья – это катализатор перемен в жизни женщины. Исчезновение полигамных семей. Эмансипация женщины. Новые явления в жизни женщины, получившей «свободу». Новые задачи и услуги, возникшие помимо домашнего хозяйства. Различия в жизни горожанки и женщины с аула. В ходе статьи было проанализировано представление вышеуказанных проблем по визуальным источникам.

На основе визуальных источников, рассмотренных в ходе исследования, проведен анализ элементов традиции и модернизма казахской семьи в указанное время, определение динамики изменений, взаимного единства семьи, взаимоотношений между членами, гендерный аспект, склонность к съемке семейных вопросов, культура. На основе визуальных данных был сделан шаг к определению советского культурного кода через описание материальной природы, окружающей семью. В начале XX века был сделан шаг к определению репрезентации историко-политической ситуации в Казахстане и их влияния на понятие семьи в визуальных данных. При

подготовке статьи мы постарались показать историю Казахстана начала 20 века через историю семьи, на основе визуального представления о семье, через суть жизни семьи, основной ячейки общества. В процессе работы с визуальными данными по семейному анамнезу применялись региональные, локальные методы исследования.

**Ключевые слова:** Институт семьи, семейное право, нормы, законы, семейная история, визуальные образы, традиция, модернизм.

**D.B. Assymova<sup>1</sup>, N.B.Kalkayeva\*<sup>1</sup>**

*<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University*

### **Reflection of the formation of the "Soviet" cultural code in Kazakh family law in visual sources of the 20-30s of the twentieth century**

**Abstract.** The article is devoted to the history of Kazakh family law in the 20s and 30s of the twentieth century. To be more specific, we will talk about the impact of the first decisions of the Soviet government on the institution of the family in the transitional period of Kazakh history. The abolition of laws governing family relations in Kazakh society before the arrival of the Bolsheviks. The influence of Soviet laws governing the institution of the family on family members. The family is the catalyst for change in a woman's life. The disappearance of polygamous families. The emancipation of a woman. New phenomena in the life of a woman who has received "freedom". New tasks and services outside the household. Differences in the life of a city dweller and a woman from the village. During the article, the presentation of the above problems by visual sources was analyzed.

Based on the visual sources considered during the study, an analysis of the elements of tradition and modernism of the Kazakh family at the indicated time was carried out, the dynamics of changes, the mutual unity of the family, the relationship between members, the gender aspect, the propensity to film family issues, and culture were determined. On the basis of visual data, a step was taken towards defining the Soviet cultural code through a description of the material nature surrounding the family. At the beginning of the 20th century, a step was taken towards determining the representation of the historical and political situation in Kazakhstan and their influence on the concept of the family in visual data. In preparing the article, we tried to show the history of Kazakhstan at the beginning of the 20th century through the history of the family, based on a visual representation of the family, through the essence of family life, the main unit of society. In the process of working with visual data on family history, regional, local research methods were used.

**Keywords:** Family institution, family law, norms, laws, family history, visual images, tradition, modernism.

#### **References**

1. Makovetsky P. Kazaktardyn zan oryna zhuretin dasturleri zhonindegi zhazbalar / Kazaki neke (salt-dastur zhonindegi zhazbalar) / Orys tilinen audargan B. Kozhabekova. – Almaty: Zhalyln, 1994. – 4-14 bb.
2. Oserov N.N. Kazaktardyn dasturli neke zhane otbasy kukyktary (Kazak adet-guryp materialdary boynsha): zan gyl. kand. dis. autoref: 12.00.01. - Almaty, 2002. - 19 b.

3. Kaziev O. Koshpeli kazak orkeniyetindegi aiel kukiygynyn murtbesi (XIIIII-XX gg. bas kezeni): zan gyl. kand. dis. autoref: 12.00.01. - Almaty, 2005. - 29 b.
4. D. Andre. Kazaktardyn ordasynda zan yesebinde zhuretin dasturler / Kazaki neke (salt-dastur zhonindegi zhazbalar) / Orys tilinen audargan B. Kozhabekova. – Almaty: Zhalyn, 1994. – 29-31 bb.
5. Balluzek L. Kazak nekesinin yerekshelikteri / Kazaki neke (salt-dastur zhonindegi zhazbalar) / Orys tilinen audargan B. Kozhabekova. – Almaty: Zhalyn, 1994. – 16-23 bb.
6. Argynbayev H. Kazakh otbasy: (kazak otbasynn keshegismi men bugingisi zhayyndagy gylym zertteu enbek). – Almaty:Kaynar, 1996. – 288 b.
7. Kozlov I.A. Kazaktardyn dasturlik zandary / Kazaki neke (salt-dastur zhonindegi zhazbalar) / Orys tilinen audargan B. Kozhabekov. – Almaty: Zhalyn, 1994. – 32-35 bb.
8. Levshin A.I. Dasturler / Kazaki neke (salt-dastur zhonindegi zhazbalar) / Orys tilinen audargan B. Kozhabekov. – Almaty: Zhalyn, 1994. – 26-28 bb.
9. Kultelev T.M. Questions of Kazakh customary law in Mukhtar Auezov's novel "Abai". – Almaty, 1950
10. Fielstrup F.A. From the ritual life of the Kyrgyz people of the beginning of the XX century. – M.: Nauka, 2002. – 300s.
11. Yumkina E.A. Intrafamily communication in the spatio-temporal aspect/ Bulletin of the Leningrad State University named after A.S. Pushkin. - 2014. - No. 4 (Volume 5) Psychology. – pp. 78-87.
12. Seksenbayeva G.A. "Audiovisual documents: source and archival aspects" - Almaty, 2020 279 p
13. Chudakoff H. The life path of women: age and age consciousness, 1865-1915. Family History Magazine. 1980.pp.274-292.
14. Tuzikova L.D. Visual images of the past in educational literature: typology, strategies of historical and cognitive activity of schoolchildren /Siberian Pedagogical Journal No. 1.2013, pp.120-123.
15. Ovsyanikova E.A. The image of the family in adolescents as a condition of their psychological well-being. Belgorod, 2019.P.211.
16. Inglehart R. Cultural evolution: how human motivations change and how it changes the world / Translated from English by S. L. Lopatina, edited by M. A. Zavadskaya, V. V. Kostenko, A. A. Shirokanova, scientific ed. by E. D. Ponarin. – Moscow. Thought, 2018. – pp. 63-68.
17. Magidov V.M. "Film and photo documents in the context of historical knowledge". Moscow, 2005, pp.25-40.
18. Dalaeva T.T., Sultangalieva G.S. Visual anthropology of the new social history of Kazakhstan XIX-early XX century-Almaty, Zhibek zholy, Almaty 2022 -pp.116-138.
19. Kundakbayeva Zh., Modernization of the early Soviet era in the fate of women of Kazakhstan, 1920-1930 – Al-Farabi Kazakh National University, Almaty 2017 Pp.48-57.

#### **Авторлар туралы мәлімет:**

**Асымова Д.Б.** - жоба жетекшісі, PhD докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық факультеті деканының оқу ісі жөніндегі орынбасары, Жамбыл көшесі 25, Алматы, Қазақстан

**Калкаева Н.Б.** – хат-хабар авторы, заң ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық факультеті, Құқықтану кафедрасының профессоры, Жамбыл көшесі 25, Алматы, Қазақстан



**Асымова Д.Б.** – руководитель проекта, доктор PhD, заместитель декана по учебной работе факультета истории и права КазНПУ имени Абая, улица Жамбыл 25, г.Алматы, Казахстан.

**Калкаева Н.Б.** – автор для корреспонденции, кандидат юридических наук, профессор кафедры юриспруденции Факультета истории и права КазНПУ имени Абая, улица Жамбыл 25, г.Алматы, Казахстан.

**Assymova D.B.** - project manager, Doctor PhD, Deputy Dean for Academic Affairs, Faculty of History and Law, Abai KazNPU. 25 Jambyl str., Almaty, Kazakhstan.

**Kalkayeva N.B.** – corresponding author Candidate of Law, professor, Department of Jurisprudence, Faculty of History and Law, Abai KazNPU. 25 Jambyl str., Almaty, Kazakhstan.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons

Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).